

"Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 20 шілдедегі №17 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 22 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 және " Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңдарына сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 17 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2015 жылдың 29 шілдеде № 5074 болып тіркелген, 2015 жылғы 01 тамызда № 59 (7877) "Жаңақорған тынысы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Идирисовқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Р. Рустемов